

«№82 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ бойынша

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№ 117

2 қыркүйек, 2025ж

«2025-2026 оқу жылында 5 күн
оқитын мектептерде 2 апталық
ас мәзірін бекіту туралы»

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ «Ақтөбе облысының білім басқармасы»
ММ-ның 13.08.2025 жылғы №01-14/106 хаты негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жалпы 1-4 класс оқушылары және 5-11 класс оқушыларының ішінен әлеуметтік осал топтарға жататын оқушыларды мектеп қаражаты есебінен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында 5-күндік перспективалық ас мәзірі ұсынылсын, 2025-2026 оқу жылының екінші жарты жылдығына бекітілген ас мәзірімен тамақтансын
2. Бір оқушыға тамақтану құны ҚҚС есепке алғанда 665 теңгені құрайды
3. Оқушылардың белгіленген уақыт кестесіне сай тамақтануын ұйымдастыру класс жетекшілерге міндеттелсін
4. Осы бұйрықтың орындалуын әлеуметтік педагог С.Қ.Шоқпароваға жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау ДТІЖ орынбасары А.Қ.Амангосовқа жүктелсін

Мектеп директоры м.у.а



М.С.Қалдыбаева

«№82 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ бойынша

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№ 115

2 қыркүйек, 2025ж

**«2025-2026 оқу жылында 1-4 класс оқушыларын
ыстық тамақпен қамтуды ұйымдастыру туралы»**

Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Ақтөбе облысы әкімінің қаулысы негізінде 1-4 класс оқушыларын тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
2. Оқушылардың белгіленген уақыт кестесіне сай тамақтануы класс жетекшілерге міндеттелсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын әлеуметтік педагог маманы С.Қ. Шоқпароваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ. Аманғосовқа жүктелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры м.у.а.



М.С. Калдыбаева

Бұйрық

Ақтөбе қаласы

№ 116

2 қыркүйек, 2025ж

**«2025-2026 оқу жылында санаты бар
мектеп оқушыларын ыстық тамақпен
қамтуды ұйымдастыру туралы»**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығына 10-қосымша" Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Тұрмыстық-әлеуметтік зерттеу актісі мен ата-аналарының өтінішіне сәйкес төмендегі кестеде көрсетілген 5-11 кластардағы жеңілдетілген 321 оқушы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;отбасыларда тұратын жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға; төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарындағы оқушыларға мектеп қаражаты есебінен ыстық тамақпен қамтылсын.

2. Оқушыларды тамақтандыру Ақтөбе облысы жалпы білім мектептердің 5-11 сыныптардың жекелеген санаттағы және 1-4 сыныптардың барлық оқушылардың тегін ыстық тамағын ұйымдастыруға арналған 4 апталық 5 күндік перспективалы ас мәзірі негізінде жүргізілсін.

3. Оқушылардың белгіленген уақыт кестесіне сай тамақтануын қадағалау жауапкершілігі әлеуметтік педагогтар С.Қ. Шокпарова, А.Н. Бермухамбетова , А.Н. Когилдиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Қ. Аманғосовқа жүктелсін.

Мектеп директоры м.у.а.



М.С.Калдыбаева